КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

11 тамыз 2023 жылы №7119-23-00-2/7901 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы Г.М.Баткалова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Нұрайдар Ақерке «SURAIGYR» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талап арызбен сотқа жүгініп, тараптардың араларында 2023 жылдың 18 сәуірде мемлекеттік сатып алу туралы №230404/00 шарты (бұдан әрі – шарт) жасалғанын және шарттардың 1-ші қосымшасына сай рәміздерді/наградалар мен төсбелгілерді/жалауларды дайындау бойынша міндеттеледі, атап атқанда II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалін дайындау (50 дана) және «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалін дайындау (500 дана) тауарды жеткізу уақыты, шарт күшіне енгеннен бастап 45 күнтізбелік күн ішінде орындалуы тиіс, ал тапсырыс беруші тиісті түрде орындалған жағдайда орындалған жұмысты қабылдауға және шарт талаптары бойынша оның ақысын төлеуге міндеттенеді.

Шарттың жалпы сомасы шарттың №1 қосымшасында айқындалған жәнеде 1 921 300 теңгені құрайды.

Қазынашылық органында шарт 25.04.2023 жылы тіркелген.

Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі 09.06.2023 жыл.

Мердігер шарт бойынша белгіленген мерзімде өз міндеттемелерін орындамады.

Тапсырыс беруші 12.06.2023 жылы мердігердің мекен-жайына біржақты тәртіпте шартты бұзу туралы хабарлама жолдаған.

14.07.2023 жылы жауапкер шартты орындаудан бас тарту және бұзу туралы хат түскен. Келісімшарт 14.07.2023 жылдан бастап тоқтатылған.

Міндеттемелерді орындамауына байланысты талапкер шарттың 8.3 тармағына сәйкес 34 тәулікке 65324,2 теңге тұрақсыздық айыбын 10.06.2023ж. мен 13.07.2023ж.аралығына өндіруді сұрайды.

Талапкер орындаушының шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін бұзуына сілтеме жасай отырып, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г.М., 11.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Баткалова Г.М., 27.12.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жозықсыз қатысушысы деп тануды және 65 324,2 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

Жауапкерден қарсылық жауап сотқа түскен жоқ.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай-Кодекс) 272-бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Кодекстің 273-бабына сай заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 5 тармағына сәйкес, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, өнім беруші мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп талап қоюға міндетті, мынадай қанағаттандыратын жағдайларды қоспағанда, 1) өсімпұлды, 2) шарттық міндетемелерді толық орындау, 3) тұтынушыға зиян келтірмеген.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік Қаулысының 8-тармағына сәйкес /әрі қарай - НҚ/ - мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Шарттың 4.1-тармағының 1) тармақшасында мердігер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамассыз етуге міндеттеледі.

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г. М., 11.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Баткалова Г. М., 27.12.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 6.1-тармағына сәйкес, мердігер шарттың қосымшаларында тапсырыс берушіге жұмысты толық тапсырған жағдайда жұмыс аяқталған болып саналады.

Сот жауапкердің шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындамағанын, мердігердің шартты орындаудан бас тартуы барын анықтады, осыған байланысты тапсырыс беруші өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберді және жауапкердің шартты орындаудан бас тартуы негізінде тоқтатылды.

Ұсынылған дәлелдемелерді жиынтықта талдай отырып, сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде, содай-ақ тапсырыс берушінің шарт жасасу кезіндегі сенімі үшін жағымсыз салдарларды ескереді және жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушы деп тану талабы қанағаттандыруға жатады деп қортындылады.

Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелерін бұзуына байланысты тапсырыс беруші 65 324,2 теңге тұрақсыздық айыбы есептелді.

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес, жұмысты орындау мерзімін кешіктірген жағдайда немесе толық орындамағанда тапсырыс беруші мердігерден кешіктірілген әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасына 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды (өндіреді).

Тұрақсыздық айыбын есептеу шарттың 8.3 тармағына сәйкес жүргізіледі. 10.06.2023ж. мен 13.07.2023ж.аралығындағы 34 күнге 65 324,2 теңге (1 921 300 теңге х 0,1 % х 34 күн) сомасына сәйкес және дұрыс.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкердің шарттық міндеттемелерді орындамауын және шартты бұзуын ескере отырып, сот талаптың дәлелдері шегінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қанағаттандырылады деп қортындыға келді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 3 685 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер Нұрайдар Ақерке «SURAIGYR» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Нұрайдар Ақерке «SURAIGYR» (ЖСН 990905401514) жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Нұрайдар Ақерке «SURAIGYR» (ЖСН 990905401514) жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 65 324,2 (алпыс бес мың үш жүз жиырма төрт теңге жиырма тиын) теңге тұрақсыздық айыбын және 3 685 теңге мемлекеттік баж (үш мың алты жүз сексен бес) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г.М., 11.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Баткалова Г.М., 27.12.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г. М., 11.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Баткалова Г. М., 27.12.2023

7119-23-3-1/7780